

Ақой ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы.

№1

Ақой ауылы

18.01.2021 жыл.

Қатысқандар: Ж.Т.Қасым- ауыл әкімі

Жергілікті қоғамдастық төрағасы: Е.Жаханов, қоғамдастық мүшелері.

Хатшы: М.Мүшел-әкім аппаратының бас маманы.

Барлығы: 10 адам.

Күн тәртібі:

1.Ақой ауылдық округі бойынша 2021 жылға арналған бюджетті бекіту.

Тыңдалды:

Ж.Т.Қасым- ауыл әкімі: ақой ауылдық округі бойынша 2021 жылға арналған бюджетті бекіту мәселесіне тоқталсам, аудандық бюджеттен:

1. «Елді мекеннің көшелерін жарықтандыруға» 600000 тг (алты жүз мың);
2. «Елді мекеннің ішкі жолдарын қыс мезгілінде қардан тазалауға» 400000 (төрт жүз мың);
3. Абаттандыру бойынша Марат Едігеев көшесіне парк салуға 17000000 тг (он жеті миллион);
4. Чепурченко көшесінен М.Едігеев көшесіне дейін 1 шақырым жолды асфальттауға 31000000 тг(отыз бір миллион) қаражат бөлінді.

Осы мәселелер бойынша пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

Сөз сөйлегендер:

Д.Хибрат- қоғамдастық мүшесі. Ауылымызда көше шамдары үнемі жанып тұрады, басқа да көшелерге жарық шамдары орнатылса нұр үстіне нұр болар еді. Істеріңіз алға баса берсін!

Н.Абдин -қоғамдастық мүшесі. Жылда қыс мезгілінде қардан мәселе болмайды. Үнемі дер кезінде тазаланып отырады. Ауылдағы шеткі көшелерді де тазалап тұрса. Жалпы алға қойған мақсаттарыңызға сәттілік тілеймін!

Е.Жаханов: Түскен ұсыныс-пікірлеріңізді дауысқа салайық.

Қолдағандар- 10, қарсы болғандар –жөк, қалыс қалғандар – жөк.

Жиналыс қаулы етті:

- 1.«Елді мекеннің көшелерді жарықтандыруға» бөлінген 600 мыңи теңге қаржы мақсатты жұмсалсын.
2. «Елді мекеннің ішкі жолдарын қардан тазалауға» бөлінген 400 мың теңге қаражат барлық көшелерді тазалауға жұмсалсын.
3. «Абаттандыру» 17 млн.теңге және «көше жолдарын асфальттауға» бөлінген 31 млн.теңге қаражат мақсатты жұмсалсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Е.Жаханов

М.Мүшел